

Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің ведомстволық наградалары туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 20 қаңтар N 57. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 1539 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 1539 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. М ы н а л а р :

- 1) Нәзір Төреқұлов атындағы "Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына қосқан үлесі үшін" медалі;
- 2) "Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қызметкері" құрметті атағы;
- 3) Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің құрмет грамотасы Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің ведомстволық наградалары болып табылады деп белгіленсін.

2. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

- 1) дипломатиялық қызметтің ведомстволық наградаларының сипаттамасы мен үлгілері;
- 2) "Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына қосқан үлесі үшін" Нәзір Төреқұлов атындағы медальға берілетін куәліктің сипаттамасы мен үлгісі бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің ведомстволық наградаларына ұсынудың және оларды тапсырудың ережесін әзірлесін және бекітсін.

4. Осы қаулы қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 20 қаңтардағы
N 57 қаулысымен
бекітілген

Омырауға тағатын "Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қызметкері" белгісінің сипаттамасы

Омырауға тағатын "Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қызметкері" белгісінің (бұдан әрі - белгі) диаметрі 35 мм көлемді дөңгелек пішіні болады. Дөңгелектің ішінде көк түспен орындалған ендіктер мен бойлықтардың сызбалары бар диаметрі 23 мм жер шарының мәнерленген рельефтік бейнесі орналасады. Жер шарының аясында жоғарғы жағында диаметрі 12 мм Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының (бұдан әрі - елтаңба) барельефтік бейнесі орналасқан. Алтын түспен орындалған жер шарының аясында елтаңбаның астында қалықтап ұшқан қыранның бейнесі орналасқан.

Белгі дөңгелектеп иіріліп келген және жер шарының астымен өтетін ені 5 мм алтын түсті көлемді көмкерме лентамен жиектелген. Лентаның жоғарғы бөлігі елтаңба бейнесінің жоғарғы бөлігіне тиеді. Лентаның жоғарғы бөлігінде "Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қызметкері" мәтіні шырқай көк түсті эмальмен жазылған. Әріптердің биіктігі лентаның жоғарғы бөлігінде 2 мм, төменгі бөлігінде - 1,5 мм. Лента мен жер шарының бейнесі арасында ені 1,5 мм ақ түсті лента өтеді. Лентаның үстінен жан-жақтарынан жасыл түспен орындалған лаврлар орналасқан.

Белгі алтын түсті металдан жасалады, бұл оған көрікті түр береді. Белгінің сыртқы жағында оның реттік нөмірі және наградталушының киіміне қадауға арналған тиісті бекіткіш болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 20 қаңтардағы
N 7 қаулысымен
бекітілген

РҚАО-ның ескертуі: Омырауға тағатын белгінің суретін қағаздағы мәтіннен қараңыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 20 қаңтардағы
N 7 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі құрмет грамотасының сипаттамасы

Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі құрмет грамотасының (бұдан әрі - грамота) көлемі 297 x 210 мм тікбұрышты пішіні болады және

тығыздығы кемінде 200 грамм х 1 ш.м. қағаздан әзірленеді.

Грамотаның периметрі бойынша шетінен 5 мм аралықта алтын фольгадан жасалған, ені 15 мм мәнерленген қазақ ою-өрнегінің суреті орналасады. Жоғарғы шетінен 26 мм аралықта орта тұсында диаметрі 38 мм толық түсті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы орналасқан.

Жоғарғы жиектен 78 мм аралықтағы орта тұсында decorKAZ, кегель 26-28 типографиялық қарпімен орындалған "Құрмет грамотасы" мәтіні жазылған. Көрсетілген мәтіннің төменгі жағындағы 13 мм аралықта Times New Roman, кегель 18 қарпімен орындалған наградтау мәтіні орналасады.

Грамотаның жоғарғы жиегінен 122 мм аралықтағы орта тұста decorKAZ, кегель 26-28 типографиялық қарпімен орындалған наградталушының тегі, аты және әкесінің аты орналасады.

Төменгі жиектен 52 мм әрі сол және оң жақ жиектен 41 мм аралықта тиісті мемлекеттік орган басшысының қызметі және аты-жөні бар мәтін жазылады. Төменгі жиектен 27 мм аралықтағы орта тұсына марапаттаудың орны мен жылына сілтемесі бар мәтін орналасады. Жоғарыда көрсетілген мәтіндер Times New Roman, кегель 14 қарпімен орындалады.

Наградталушының тегі, аты және әкесінің аты жазылған мәтін алтын түсті фольгадан, қалған мәтін - күлгін көк түсті фольгада орындалады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 20 қаңтардағы
N 7 қаулысымен
бекітілген

РҚАО-ның ескертуі: Құрмет грамотасының суретін қағаздағы мәтіннен қараңыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 20 қаңтардағы
N 57 қаулысымен
бекітілген

Нәзір Төреқұлов атындағы "Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына қосқан үлесі үшін" медалінің сипаттамасы

Нәзір Төреқұлов атындағы "Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына қосқан үлесі үшін" медалі алтынға ұқсас жезден жасалады және диаметрі 34 мм дұрыс шеңбер нысанында болады.

Медальдің алдыңғы бетінде, ортасында Нәзір Төреқұловтың барельефтік бейнесі орналасқан. Суреттің айналасы лавр бұтақтарымен көмкерілген.

Медальдің шеттеріндегі ернеуі мен лавр бұтақтарының арасында "Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына қосқан үлесі үшін" деген жазу орналасқан. Медальдің төменгі бөлігінде Нәзір Төреқұловтың суретінің астында "Нәзір Төреқұлов" деп жазылған.

Медальдің сыртқы бетінде, ортасында "Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі" деген жазу орналасқан, жазудың астында екі лавр бұтағы орналасқан. Төменгі бөлігінде медальдің реттік нөмірі орналасқан.

Медальдағы барлық бейнелер мен жазулар дөңес. Медальдің шеттері ернеумен жиектелген.

Медаль құлақша мен шығыршықтың көмегімен алтынға ұқсас жезден жасалған ені 30 мм және биіктігі 24 мм бес бұрышты тағанмен жалғанады. Тағанның тік бұрышты бөлігі Қазақстан Республикасының туы түстес ені 20 мм жібек қатқыл лентамен қапталған.

Медаль түйреуіштің көмегімен киімге тағылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 20 қаңтардағы
N 57 қаулысымен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына қосқан үлесі үшін" Нәзір Төреқұлов атындағы медаль үлгісі

РҚАО-ның ескертуі: Медаль үлгісінің суретін қағаздағы мәтіннен қараңыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 20 қаңтардағы
N 57 қаулысымен
бекітілген

Нәзір Төреқұлов атындағы "Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына қосқан үлесі үшін" медаліне берілетін куәліктің сипаттамасы

Нәзір Төреқұлов атындағы "Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына қосқан үлесі үшін" медалінің куәлігі екі парақты, 8x10 см көлемді кітапша болып табылады. Куәліктің тысы көк түсті бумвинилді негіздегі қатырма қағаздан жасалған. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы мен жазулар батыңқы түсірілген алтын түспен жасалған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 20 қаңтардағы

№ 57 қаулысымен
бекітілген

**"Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына қосқан үлесі
үшін" Нәзір Төреқұлов атындағы медальға қоса берілетін
куәліктің үлгісі**

РҚАО-ның ескертуі: Куәліктің үлгісінің суретін қағаздағы мәтіннен қараңыз.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК